



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

Мамыр 2025

Жылдық инфляция 2025 жылғы мамырда 11,3%-ға дейін жеделдеді (сәуірде – 10,7%). Азық-түлік пен азық-түлікке жатпайтын тауарлардың, сондай-ақ ақылы көрсетілетін қызмет бағасының жылдық мәнде өсуі тиісінше 9,6%-ға (сәуірде – 8,5%), 9,0%-ға (сәуірде – 8,9%) және 16,0%-ға дейін (сәуірде – 15,7%) қарқын алды.

Өңір деңгейінде алып қарағанда, жылдық инфляция 16 өңірде жеделдеді, 1 өңірде өзгеріссіз қалып, 3 өңірде бәсеңдеді. Жылдық инфляция 5 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты. Инфляцияның ең жоғары мәні Алматы қаласында (13,0%) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2024 мамыр – 2025 мамыр), %-бен

Алматы қ.	9,0 ————— 13,0
Астана қ.	10,4 ————— 12,8
Қарағанды	10,5 ————— 12,7
Батыс Қазақстан	7,9 ————— 12,1
Ақмола	8,7 ————— 11,8
Қазақстан Республикасы	8,5 ————— 11,3
Түркістан	6,5 ————— 11,2
Солтүстік Қазақстан	9,2 ————— 11,1
Ұлытау	7,5 ————— 11,1
Ақтөбе	8,1 ————— 11,0
Шығыс Қазақстан	9,3 ————— 11,0
Абай	8,1 ————— 10,9
Атырау	8,6 ————— 10,8
Шымкент қ.	7,7 ————— 10,6
Қызылорда	7,3 ————— 10,5
Маңғыстау	10,2 ————— 10,0
Жамбыл	7,1 ————— 9,9
Қостанай	8,4 ————— 9,9
Жетісу	8,7 ————— 9,8
Павлодар	9,0 ————— 9,6
Алматы	5,6 ————— 9,1

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары Ақмола (11,4%), Қарағанды (11,1%), Абай және Батыс Қазақстан (10,9%-дан) облыстарында, Шымкент қаласында (10,8%), Шығыс Қазақстан және Жетісу (10,5%-дан), Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарында (10,4%-дан), Астана қаласында (10,3%), Павлодар (10,1%), Ақтөбе (10,0%) және Алматы (9,7%) облыстарында елде қалыптасқан деңгейден (ж/ж 9,6%) жоғары қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы Түркістан (14,2%), Солтүстік Қазақстан (10,9%), Ұлытау (10,8%), Атырау және Абай (10,4%-дан), Ақтөбе және Қызылорда (9,9%-дан), Қарағанды (9,7%), Маңғыстау (9,6%), Ақмола (9,5%) облыстарында, Астана қаласында (9,3%) және Шығыс Қазақстан облысында (9,1%) елде қалыптасқан деңгейден (ж/ж 9,0%) жоғары өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы мына өңірлерде жалпы республикалық деңгейден (ж/ж 16,0%) жоғары өсті: Алматы қаласында (22,5%), Батыс Қазақстан (18,3%), Қарағанды (17,1%) Жамбыл (16,7%) өңірінде және Астана қаласында (16,6%).

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі компоненттері, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы көрсетілетін қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	9,6	9,0	16,0
Ақмола	11,4	9,5	16,0
Ақтөбе	10,0	9,9	13,2
Алматы	9,7	7,0	11,3
Атырау	8,7	10,4	15,0
Батыс Қазақстан	10,9	8,7	18,3
Жамбыл	8,6	7,6	16,7
Қарағанды	11,1	9,7	17,1
Қостанай	8,8	8,8	12,7
Қызылорда	8,3	9,9	15,1
Маңғыстау	9,3	9,6	11,4
Павлодар	10,1	5,4	13,4
Солтүстік Қазақстан	10,4	10,9	12,6
Түркістан	8,8	14,2	12,4
Шығыс Қазақстан	10,5	9,1	13,7
Астана қ.	10,3	9,3	16,6
Алматы қ.	8,0	7,4	22,5
Шымкент қ.	10,8	7,2	14,4
Абай	10,9	10,4	12,0
Жетісу	10,5	7,4	11,6
Ұлытау	10,4	10,8	12,9

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2025 жылдың мамыр айында елде айлық инфляция 0,9% болды. Айлық инфляцияның ең жоғары мәні Павлодар облысында (2,0%-дан) байқалды.

2-кесте. 2025 жылғы мамырда өңірлердегі айлық инфляция, %

Қазақстан Республикасы	0,9
Павлодар	2,0
Алматы қ.	1,7
Батыс Қазақстан	1,4
Жетісу	1,3
Қостанай	1,2
Атырау	1,1
Жамбыл	0,9
Қызылорда	0,9
Солтүстік Қазақстан	0,9
Шымкент қ.	0,9

Абай	0,9
Ақтөбе	0,8
Шығыс Қазақстан	0,7
Ақмола	0,6
Алматы	0,6
Маңғыстау	0,6
Түркістан	0,6
Ұлытау	0,6
Астана қ.	0,3
Қарағанды	0,2

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ